

Қазақстан Республикасының өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет қызметкерлерін нысандық киіммен қамтамасыз ету туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 маусымдағы N 515 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет жүйесінің қызметкерлері үшін 1993 жылдан бастап тегін нысандық киім беру құқығын енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Аталған қызметкерлер үшін нысандық киім енгізуге байланысты шығындар жыл сайын республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне көзделген операциялық қаражаттың есебіне жатқызылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі